

**«АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ БЕСҚАРАҒАЙ АУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН  
«ИЗВЕСТКОВОЕ-ЛЕВОБЕРЕЖНОЕ» КЕН ОРНЫНЫҢ СОЛТҮСТІК  
ҚАПТАЛЫНДАҒЫ ӘКТАСТЫ ӨНДІРУ ЖОСПАРЫНА»  
ЫҚТИМАЛ ӘСЕРЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП ЖОБАСЫ БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ  
ТЫҢДАУЛАР ХАТТАМАСЫ**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

«Абай облысы Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округі» ММ.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

«Абай облысының Бесқарағай ауданында орналасқан «Известковое-Левобережное» кен орнының солтүстік қапталындағы әктасты өндіру жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:

ҚР ЭжТРМ жанындағы «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК, «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Нысан Абай облысы, Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округінде орналасқан.

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Нысан Абай облысы, Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округі.

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері:

«Казхимтехснаб» ЖШС. БСН: 060640009631, Абай облысы, Семей қаласы, Глинка көшесі, №73Г үй. Тел.: 87051457793, kazchimtechsnab@mail.ru.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

«ГРК «Белогорский ГОК» ЖШС. ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Бұрова к-сі 20. Тел.: 24-57-86. Эл.мекен-жайы: belgok@list.ru

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты 15.12.2025 ж. сағат 10:45.

Қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты 15.12.2025 ж. сағат 11:00.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты 15.12.2025 ж. сағат 11:45.

Өткізу орны: Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Бөдене ауылы, Айтқожа Қалиғожа көшесі 41 (Мәдениет үйі).

**9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.**

Сұрау-хаттың, жауап-хаттың көшірмелері осы хаттаманың 1-қосымшасында ұсынылған.

**10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.**

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы хаттаманың 2-қосымшасында ұсынылған.

**11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:**

1) Ақпараттық жүйеде:  
<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=29559>

2) Жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

3) Қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында: 06.11.2025 ж. «Менің өлкем» облыстық газетінің шығарылымында, сондай-ақ 05.11.2025 ж. «NS» радио эфирінде хабарландыру орналастыру.

4) Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Абай облысы, Долон ауылында хабарландыру орналастыру.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар 3,4-қосымшаларда қоса беріледі.

**12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:**

Қоғамдық тыңдау төрағасы – Кульжаппарова Ш.Т. («Абай облысы Бесқарағай ауданы Долон ауылдық округі» ММ).

Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы Даутов К.Ж. тағайындалады.

«Қарсы емес» - 18,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу регламенті

Аталған жобаға қатысты материалдарды баяндама түрінде қарастыру – 15 мин

Баяндамаларды талқылау – 5 мин

Қорытындылау – 5 мин.

«Қарсы емес» - 18,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Қоғамдық тыңдаулар мүдделі жұртшылықтың қатысуына байланысты өткізілді деп есептеледі

### 13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Инженер – эколог А.Тлеубаев «Абай облысының Бесқарағай ауданында орналасқан «Известковое-Левобережное» кен орнының солтүстік қапталындағы әктасты өндіру жоспарына» экологиялық әсер етуге рұқсат алу үшін құжаттар жиынтығы мазмұнымен мемлекеттік тілде таныстырды. Баяндама беттерінің саны – 4 бет, презентация - 14 слайд көрсетілді.

Баяндамалардың мәтіндері 5-қосымшада ұсынылған.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі			
р/с №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (Алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	<u>Ахметжанова</u> Біз Черемушка ауылы емеспіз ғой.	<u>Тлеубаев А</u> Ол ең жақын тұрғын аймақ. Бөденеге дейін 17 км.	Алынып тасталған
2	<u>Ахметжанова</u> Денсаулыққа зияны барма? Жел болса осы жаққа келеді ғой бәрі. Адамдардың өзін жайсыз сезінуі де осы үшін. Оны қалай дәлелдейсіздер? Қағаз жүзінде бәрі жақсы, 100%. Ешқандай денсаулыққа зияны жоқ, бәрі жақсы болып шығады. Іс жүзінде денсаулыққа әсері бар.	<u>Тлеубаев А</u> Санитарлық қорғау аймағы 500 м, есептеулер бойынша ол ара қашықтықта шекті рұқсат етілген концентрациясынан асып келтуі болмайды. Барлық шаңды жұмыстар кезеңінде сумен шаң басу болады. Жылы маусымда көлік жүретін жолдарды сумен басып отырады.	Алынып тасталған
3	<u>Ахметжанова</u> Ол су Ертіске барып құйылады ия? Жер асты сулармен?	<u>Тлеубаев А</u> Жоқ, шаң басуға еріген қардан пайда болатын сулар қолданылады. Суға кетпейді.	Алынып тасталған
4	<u>Кульжапарова М.Т.</u> Және тыңдап отырмыз, бәрі жақсы, бәрі тамаша делінді. Әр нәрсенің жақсы жағымен жаман жағы болады. Сіздер мейілінше	<u>Тлеубаев А.</u> Кен орнын өндіре бастаған кезде жұмыс орындары ашылады. Жақын маңдағы ауылдардан аламыз	Алынып тасталған

	<p>жақсы жағын көрсетіп отырсыздар, қалай болса да халыққа кері әсері - денсаулығына болсын, экологиясына болсын әсер ететіні айдан анық. Оған біз кәміл сенеміз. Жарайды, ол мәселені жауып қояйық. Біздің Бөдене ауылына қандай пайдасы бар? Келесіздер, адамдарды жинайсыздар бір 5-6 адаммен, сосын кетесіздер. Бізге пайдасы жағын көбірек айтыңыздаршы. Өздеріңізге ғана емес, мына тұрғылықты адамдарға қандай пайдасы бар сол қазба байлықтарын алғандарыңыздан? Ешқандай пайда көріп тұрғанымыз жоқ. Семеймен екі ортада қатынайтын тас жолдың бытшытын шығардыңыздар. Өтірік емес қой. Соның салдарынан мен түнде келе жатып аварияға түсе жаздадым. Дөңгелегімді тіліп өтті. Постоянно осылай жақсы жақтарыңызды айтып кетесіздер, нюанстары бар ғой. Ашық айтқанда бізге пайдасын көріп отырған жоқпын.</p>	жұмысшыларды.	
5	<p><u>Құмаров Т.П</u> Бұл кісілердің айтып отырғандары дұрыс. Әр мекеммен меморандумға отырып жастарды жұмысқа алу керек, одан кейін сіздер жарғы (устав) негізінде жұмыс істейсіздер ғой? Сол уставқа жазу керек жергілікті ауыл, оңің ішінде Бөдене ауылы, соның әлеуметтік мәселесіне көмектесеміз деп. Ол жарғыда бекітілуі керек ал былай ол ашылғанша аламыз деген сөзретінде қалады. Меморандум құрып міндетті түрде қол қоямыз, ол сөзсіз. Және айтып жатыр биылғы жылы Елбасымен кездесуде айтылып жатыр, бізде 4 мекеме бар қазба байлық тарымен айналысатын. Бірақ олардың салығы ауданға кетіп жатыр, Сол сұрақ көтерілді. Елбасы үкіметке бір айлық мерзім берді, сол бір айдан кейін олар өз жауаптарын айтады. Салықтың бір бөлігі</p>	<p><u>Тлеубаев А.</u> Семей орманы жерлерінен тыс орналасқан. Біздің жер учаскесіне кірмейді. Ол сұрақ табиғат қорғау прокуратурасының қатысуымен шешілді.</p>	Алынып тасталған

	<p>жергілікті халыққа жұмсалыу керек. Өйткені сол жерде өндіресіздер, сол жердің суын, жерін, қазбасын пайдаланасыздар сондықтан бұл ауылда көмектеріңіз болу керек. Бұл заң қабылданғанша ол уақыт қой, сондықтан сіздер өз жарғыларыңызда міндетті әлеуметтік мәселе деген бар ғой соған Бөдене ауылына әлеуметтік көмек көрсетеміз десеңіздер, ол заңға қайшы келмейді. Сіздер әктәсті өндіретін алдында рұқсат құжаттарын дайындадыңыздар ғой иә, сол құжаттармен бізге келіп отырсыздар. Сондықтан сіздер міндетті түрде жұмыстарыңызды жалғастырасыздар. Және оқыдыңыздар құнарлы қабаты алып тасталынады деп, ол сақталып жұмыс біткеннен кейін рекультивация жүргізіп ол қалпына келтіріледі. Соның бәрі сақтаса деймін. Оны бақылап отыратын кісі жоқ, сіздер ашып алғаннан кейін жұмыс істеп жатырмыз дейсіздер, ол адамдар арасында наразылық тудырады. Ар жағында Семей орманының жері бар сіздерде.</p>		
6	<p><u>Кумаров Т.П.</u> Ертіс өзенінен 500 м жерде ғой иә?</p>	<p><u>Тлеубаев А.</u> Ертіс өзеніне дейін 375 м, Ертіс бассейндік инспекциясында келісуден өтеді. Водоохранная зонадамыз, ол зонада жұмыс жасауға болады бірақ согласованиесын өту керек. Ал 35 метр ол водоохранный полоса, ол жерде жұмыс жасауға болмайды.</p>	Алынып тасталған
7	<p><u>Кульжаппарова М.Т.</u> Және суға дейін 500 дейсіздер, сосын 375 дейсіздер?</p>	<p><u>Тлеубаев А.</u> Нысан водоохранный зонада, Ертіс бассейндік инспекция келісімімен жұмыс жасауға болады. Ол водоохранный полосада жұмыс жасауға болмайды. А водоохранный зонада по согласованию с Бассейновой инспекцией.</p>	Алынып тасталған
8	<p><u>Жилкибаева Э.</u> Қандай мамандықтарды</p>	<p><u>Даутов К.Ж</u> Механизаторлар аламыз,</p>	Алынып тасталған

	аласыздар?	кейіннен дробилка болады соған оператор керек, ұнтақтаушы (дробильщик) керек.	
9	<u>Жилкибаева Э.</u> Олардың барлығын оқытып аласыздарма?	<u>Даутов К.Ж</u> Иә.	Алынып тасталған
10	<u>Кульжаппарова М.Т.</u> Жоқ, қара жұмыс емес, мысалы оқыған балаларымыз бар, ондайларға ше?	<u>Даутов К.Ж</u> Иә, бар.	Алынып тасталған
11	<u>Кульжаппарова М.Т.</u> Осылай сіз сияқты келеді де, үйіп-төгіп кетеді, еш бір телефонын қалдырмай, жағдайларыңды жасап тастаймыз дейді де аяғында звандайын десең телефонын алмайды. Халық ренжігеннен кейін айтып отыр. Керек кезде алады келісімімізді, аяғында түкте жоқ.	<u>Даутов К.Ж</u> Иә, енді біз сіздерге алтын береміз деп ештеңе айтпаймыз. Және көтеріліп жатқан мәселе жергілікті халыққа әлеуметтік көмек жарғыға еңгізілсін жазып алдым. Тағы ұсыныстарыңызды айтыңыздар оның бәрін басшылыққа жеткіземіз.	Алынып тасталған
12	<u>Кульжаппарова М.Т.</u> Қазір қазба жұмыстарын жасайсыздар, бәлембай тонна тасисыздар, трассаның быт-шытын шығарасыздар, сол жағын айтсаңыздар.	<u>Тлеубаев А.</u> Разрешенный трассамен жүреді ғой. Жолдың мәселесі бізге қатысы жоқ қой.	Алынып тасталған
13	<u>Кульжаппарова М.Т.</u> Ол жағы сіздерге қатысы жоқ, бірақ жергілікті тұрғын жапа шегіп жатыр.	<u>Даутов К.Ж</u> Енді қалай тасымалдаймыз? Өнеркәсіпті дамытуымыз керек. Өнеркәсіп дамымаса Қазақстан қалай дамиды?	Алынып тасталған
14	<u>Жилкибаева Э.</u> Жұмыс вахтовый метод болама? Сезонный ма?	<u>Даутов К.Ж</u> Болашақта, жұмыс басталғанда көреміз, негізінде жылы мезгілде.	Алынып тасталған
15	<u>Қазизов М.Б.</u> Нақты ұсыныс, бізге жастар жарыс өткізеді, сол кезде көмектессеңіздер, мектепте спортжарыстар өткізіледі, сол кезде спонсор болсаңыздар. Сіздер ренжімеңіздер, ауыл халқы сұрап жатыр ғой, сіздер жұмыстарыңызды бастап дамып жатқан кездеріңізде футболный площадка салуға көмектесіңіздер деп. Жалғыз сіздер емес, жалпы бәріміз бірігіп жұмыс жасасақ қолдарыңыздар бәрі келеді. Мына екі ортадағы жолды Шалқар	<u>Даутов К.Ж</u> Барлық ұсыныстарыңызды жазып алдым, бәрін жасап береміз, шешміз деп айтпа алмаймын, бірақ басшылыққа жеткіземін.	Алынып тасталған

	болысып ақырындап жөндеп жүр, сіздер де атсалыссаңыздар, щебень төгіп. Өзіміздің қазақ жігіттерісіздер жамандық ойлайды деп ойламайын. Бастамаларыңызды қолдаймын, жақсылық болсын.		
15	<u>Құльжаппарова М.Т.</u> Нақты сіздер ертен расширение жасасаңыздар міндетті түрде уставқа кіргізіп қойсаңыздар, ауылға бір проценті болсада түсіп отыратындай. Ауылға түсімдер болса кішкене көркейеді ғой. Халықта азаып барады, бұрынғыдай емес. Сондай жақсылық жасасаңыздар.	<u>Даутов К.Ж</u> Көмектесіп көреміз, оныда шешуге болады.	Алынып тасталған

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсіну үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы Сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары:

Құжаттаманы түсінудің толықтығы мен қол жетімділігі бойынша ескертулер, шағымдар, ұсынымдар және ұсыныстар түскен жоқ. Құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай - күйі туралы Ұлттық деректер банкі (ҰДБ) сайтында орналастырылды.

Баяндама А.Тлеубаевпен толық көлемде ұсынылды.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдау төрағасы.

Әбдиев М.Т. 17.12.2025 жс.

18. Қоғамдық тыңдау хатшысы.

Даутов К.Ж 17.12.2025 жс.

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 25163110002, Дата: 31/10/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: область Абай, Бескарагайский район, Долонский с.о.

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

<https://us06web.zoom.us/j/87299462875?pwd=JNMcglCjC0b9thdXbYUJea1lEirpm4Y.1> Идентификатор конференции: 872 9946 2875 Код доступа: 952422

Предмет общественных слушаний: Отчет о возможных воздействиях к «Плану добычи северного фланга месторождения «Известковое-Левобережное», известняка расположенного в Бескарагайском районе, области Абай»

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Абай, Бескарагайский район, Долонский с.о., с.Бодене, ул. Айтқожа Қалиғожа 41 (дом культуры), 15/12/2025 11:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности ( км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Газета "Менің өлкем", Радио "NS 102,8"

*(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

Общественные места, остановки, информационные стенды

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением

итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Казимтехнаб" (БИН: 060640009631), +7(705)-145-77-93, amman\_maksutov@mail.ru

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*



**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 25163110002, Дата: 03/11/2025

---

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25163110002, от 31/10/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях к «Плану добычи северного фланга месторождения «Известковое-Левобережное», известняка расположенного в Бескарагайском районе, области Абай», в предлагаемую Вами 15/12/2025 11:00, область Абай, Бескарагайский район, Долонский с.о., с.Бодене, ул. Айтқожа Қалиғожа 41 (дом культуры) (дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

---

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Казхимтехснаб" (БИН: 060640009631), +7(705)-145-77-93, amran\_maksutov@mail.ru,

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

## 2-қосымша

## Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

11:00

2-қосымша

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

№ р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастаманы)	Байланыс телефон номері	Қатысу форматы (жеке немесе конференц- байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Алексеев А.Е.	Менеджер ТОО "Қазақстан"	8777852772	жеке	Алексеев
2	Валиев А.А.	Басқарушы ТОО "Қазақстан"	8771987474	жеке	Валиев
3	Ахметжанов А.А.	Ауыл тұрғыны	87772791676	жеке	Ахметжанов
4	Қадыров М.Б.	Ауыл тұрғыны	8771768707	жеке	Қадыров
5	Қабдусова З.К.	Ауыл тұрғыны	8-7021113352	жеке	- Кады
6	Әбділ Құрман	Ауыл тұрғыны	8-7057995211	жеке	- Нұрлан
7	Ахметжанов А.А.	Ауыл тұрғыны	87772791676	жеке	Ахметжанов
8			87740557969		
9	Ахметжанов А.А.	Ауыл тұрғыны	87057248570	жеке	Ахметжанов
10	Қомағов Т.П.	Ауыл тұрғыны	7775969983	жеке	Қомағов
11	Молдабаев Н.Т.	М.К. "Ал"	87773996167	жеке	Молдабаев
12	Ахметжанов А.А.	Ауыл тұрғыны		жеке	Ахметжанов
13	Ахметжанов А.А.	Ауыл тұрғыны	87779840304	жеке	Ахметжанов
14	Ахметжанов А.А.	Ауыл тұрғыны	8706048556	жеке	Ахметжанов
15	Ахметжанов А.А.	Ауыл тұрғыны	8-77711212-76	жеке	Ахметжанов
16					
17					
18					
19					
20					

**ZOOM-конференциясы арқылы қатысқан қатысушыларды тіркеу парағы**

<b>№</b>	<b>Аты жөні</b>	<b>Қатысушы санаты</b>	<b>Байланыс телефон нөмірі</b>	<b>Қатысу форматы</b>	<b>Қолы</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>
1	-	«Абай облысы бойынша экология департаменті» РММ	-	ZOOM	-
2	Аскаргалиева Э.А.	«Абай облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ бас маманы	-	ZOOM	-
3	Мұратова А.М.	инженер-эколог	87003401184	ZOOM	-
4	Измайлова К.И.	инженер-землеустроитель	87003401184	ZOOM	-

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруларды орналастыру туралы фотоматериалдар

**ШҚО – өмір сүру ұзақтығы төмен өңірлердің бірі** **3-бет**

NEWS 6 қараша 2025 жыл, бейсенбі  
Нөмірдің таралымы – 1500

# Менің өлкем

Зайсанға ұлттай мен  
Монғолияға ұшақ қызыр  
Шығынды ақтамды, Бектенов **3-бет**

Бюджет қаржысының игерілуі  
Барыс облысы ақимінің  
Көрінісінші, қарады **4-бет**

Өскемендегі ұрпақтарды 60 күшімен  
Теріс салып алды **7-бет**

## Адам таңдамайтын алаяқтар

**5-бет**

**ШҚО-да жыл сайын артып келеді,  
оларға тосқауыл қоюға бола ма?**

**Келесі саннан оқытандарыңыз:**

Алғашы ұялыта Шығыс Қазақстан спортымен  
Біршама оң өзгеріс күтіп тұр. Бұл туралы облыстық  
Дене шынықтыру және спорт басқармасының  
басшысы Аскар Моканов журналистермен  
болған брифинг кезінде мәлімдеді. Жауапты  
тұлғаның сөзіне, Өскеменде төбесі жабық  
футбол стадионы салынады. Жоба ойдағыдай  
жүзеге асса, 5 мың жанкүйер келіп, қызылты  
матчтары тамашалай алады. Тек футбол емес,  
аудандарда болатын өзгерістер мен облыс  
спортшылары жеткен жетістіктер айтылды.  
Қоғамдық спорт түрлеріне көп-көрім көңіл  
бөлініп жатыр.

**Жарнеңкеге желіңіздер!**

Алғашы демалыс күні Өскеменде ауылша-  
Аруашылығы жармеңесі өтеді.  
8 қараша сағат 08:00-  
16:00 аралығында "Ал-  
тай" мәторме-балық  
сауда орталығының ау-  
лында (Жібек жолы,  
44) Зайсан ауданының  
тауар өндiрушiлерi  
мен кәсiпорiлерiнiң  
жәрмеңесi  
ұйымдастырылады.  
Сiзде табиғи әрі сапалы  
өнімдерді тiкiлд бағара  
сатып алуға болады.

### Хабарландыру

"Казхимтехснаб" ЖШС: 15.12.2025 жылы Абай облысы, Бескарағай ауданы, Бөдене ауылы, Айтқожа Қалиғожа көшесі 41 (Мәдениет үйі) мекен-жайы бойынша:

- **сағат 11:00 ҚР** Экологиялық кодексінің 73 б. талаптарына сәйкес, "Абай облысының Бескарағай ауданында орналасқан "Известковое-Левобережное" әктас кен орнының солтүстік қанатын өндіру" ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды;

- **сағат 12:00 ҚР** Экологиялық кодексінің 96 б. талаптарына сәйкес, мекен-жайы бойынша "Абай облысының Бескарағай ауданында орналасқан "Известковое-Левобережное" әктас кен орнының солтүстік қанатын өндіру" жобасына құжаттар жиынтығы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қажет болған жағдайда Черемушка а. тұрғындарын тыңдау өтетін жерге жеткізу ұйымдастырылады. Жеткізу мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей +7 777 788 2777 (Максут Аскар) тел. арқылы хабарласуға болады.

Барлық ескертулер/ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде, сондай-ақ Семей қ., Тұрлыханов к-сі 30, "Абай облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, тел. +7 777 980 5737, [\\_priroudnyye\\_resursy\\_obl.abay@mail.ru](mailto:_priroudnyye_resursy_obl.abay@mail.ru) эл.адресі бойынша қабылданады.

Тетенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Идентификатор конференция: 872 9946 2875

Код доступа: 952422

Белсенді сілтеме ҰБД және ЖАО сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты белгіленген қызметтің бастамашысы - "Казхимтехснаб" ЖШС. БСН: 060640009631, Абай облысы, Семей қаласы, Глинка көшесі, №73Г үй. Тел.: 87051457793. [kazchimtechsnab@mail.ru](mailto:kazchimtechsnab@mail.ru).

### Объявление

ТОО "Казхимтехснаб" сообщает, что 15.12.2025 года по адресу область Абай, Бескарагайский район, с.Бодене. ул. Айтқожа Қалиғожа 41 (дом культуры):

- **в 11:00 ч.** в соответствии с требованиями ст.73 Экологического кодекса РК, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях к "Плану добычи северного фланга месторождения "Известковое-Левобережное", известняка расположенного в Бескарагайском районе, области Абай".

- **в 12:00 ч.** в соответствии с требованиями ст.96 Экологического кодекса РК, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по комплексу документов по "Плану добычи северного фланга месторождения "Известковое-Левобережное", известняка расположенного в Бескарагайском районе, области Абай".

В случае необходимости будет организована доставка жителей с.Черемушка до места проведения слушаний. По вопросам доставки обращаться по тел. +7 777 788 2777 (Максут Аскар) не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Все замечания/предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД, а также по адресу г.Семей, ул.Турлыханова, 30 ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай", тел. +7 777 980 5737. Электронный адрес: [\\_priroudnyye\\_resursy\\_obl.abay@mail.ru](mailto:_priroudnyye_resursy_obl.abay@mail.ru).

В случае введения ЧП и (или) ограничительных мероприятий, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Идентификатор конференции: 872 9946 2875

Код доступа: 952422

Активная ссылка будет предоставлена на сайте НБД и на сайте МНО.

Дополнительную информацию можно получить у инициатора намечаемой деятельности - ТОО "Казхимтехснаб". РК, область Абай, г.Семей, улица Глинка, дом №73Г. БИИ: 060640009631, тел.: 8 705 145 7793. [kazchimtechsnab@mail.ru](mailto:kazchimtechsnab@mail.ru).



**radiONS**

Семей қ.  
05.11.2025 ж.

**ЭФИРЛІК АНЫҚТАМА**

Осы эфирлік анықтама 2025 жылғы 5 қарашада "NS" радиостанциясының эфирінде (102,8 FM) Абай облысы бойынша хабар тарату, шығарудың жалпы саны 8 (сегі) орыс және қазақ тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат, мынадай мазмұндағы ақпарат орналастырылғанын растайды:

**«Қазхимтехснаб» ЖШС: 15.12.2025 жылы Абай облысы, Бескарағай ауданы, Бодене ауылы, Айтқожа Қалиғожа көшесі 41 (Мәдениет үйі) мекен-жайы бойынша:**

- **сағат 11:00** ҚР Экологиялық кодексінің 73 б. талаптарына сәйкес, «Абай облысының Бескарағай ауданында орналасқан «Известковое-Левобережное» әтас кен орнының солтүстік қанатын өндіру» ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды;
- **сағат 12:00** ҚР Экологиялық кодексінің 96 б. талаптарына сәйкес, мекен-жайы бойынша «Абай облысының Бескарағай ауданында орналасқан «Известковое-Левобережное» әтас кен орнының солтүстік қанатын өндіру» жобасына құжаттар, жиынтығы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қажет болған жағдайда Черемушка а. тұрғындарын тыңдау өтетін жерге жеткізу ұйымдастырылады. Жеткізу мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей +7 777 788 2777 (Максут Аскар) тел. арқылы хабарласуға болады.

Барлық ескертулер/ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ Семей қ., Тұрлыханов к-сі 30, «Абай облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. +7 777 980 5737, [prirodnyye\\_resursy\\_obl.abay@mail.ru](mailto:prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru) э.адресі бойынша қабылданады.


Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Идентификатор конференция: 872 9946 2875  
Код доступа: 952422

Желсенді сілтеме УБД және ЖАО сайтында ұсынылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазхимтехснаб» ЖШС. БСН: 060640009631, Абай облысы, Семей қаласы, Глинка көшесі, №73Г үй. Тел.: 87051457793, [kazhimtechsnab@mail.ru](mailto:kazhimtechsnab@mail.ru).

Жобалаушы - «ГРК «Белогорский ГОК» ЖШС. ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Бурова к-сі 20. Тел.: 24-57-86. Э.а.мекен-жайы: [belgok@list.ru](mailto:belgok@list.ru).

Директор:  Адамова Н.В.

**radiONS**

г. Семей  
05.11.2025

**ЭФИРНАЯ СПРАВКА**

Данная эфирная справка подтверждает, что 5 ноября 2025 года размещена информация о проведении общественных слушаний в эфире радиостанции "NS" (102,8 FM) вещание по области Абай, общее количество выходов 8 (восемь) на русском и казахском языках, информация следующего содержания:

**ТОО «Қазхимтехснаб»** сообщает, что 15.12.2025 года по адресу область Абай, Бескарағайский район, с.Бодене, ул. Айтқожа Қалиғожа 41 (дом культуры):

- в 11<sup>00</sup> ч. в соответствии с требованиями ст.73 Экологического кодекса РК, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях к «Плану добычи северного фланга месторождения «Известковое-Левобережное», известняка расположенного в Бескарағайском районе, области Абай».
- в 12<sup>00</sup> ч. в соответствии с требованиями ст.96 Экологического кодекса РК, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по комплексу документов по «Плану добычи северного фланга месторождения «Известковое-Левобережное», известняка расположенного в Бескарағайском районе, области Абай».

В случае необходимости будет организована доставка жителей с.Черемушка до места проведения слушаний. По вопросам доставки обращаться по тел. +7 777 788 2777 (Максут Аскар) не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Все замечания/предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД, а также по адресу г.Семей, ул.Турлыханова, 30 ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел. +7 777 980 5737. Электронный адрес: [prirodnyye\\_resursy\\_obl.abay@mail.ru](mailto:prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru).


В случае введения ЧП и (или) ограничительных мероприятий, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Идентификатор конференции: 872 9946 2875  
Код доступа: 952422


Активная ссылка будет предоставлена на сайте НБД и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Қазхимтехснаб». РК, область Абай, г.Семей, улица Глинка, дом №73Г. БИН: 060640009631, тел.: 8 705 145 7793. [kazhimtechsnab@mail.ru](mailto:kazhimtechsnab@mail.ru).

Проектировщик - ТОО «ГРК «Белогорский ГОК». БИН: 991040002373. Юр.адрес: РК, ВКО, г.Усть-Каменогорск, Бурова, 20. Тел.: 24-57-86. Эл.адрес: [belgok@list.ru](mailto:belgok@list.ru).

Директор:  Адамова Н.В.

#### 4- қосымша



**ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАРҒА АРНАЛҒАН БАЯНДАМА  
ЫҚТИМАЛ ӘСЕРЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП ЖОБАСЫ  
КӨЗДЕЛІП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТ:  
«АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ БЕСҚАРАҒАЙ АУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН  
«ИЗВЕСТКОВОЕ-ЛЕВОБЕРЕЖНОЕ» КЕН ОРНЫНЫҢ СОЛТҮСТІК  
ҚАПТАЛЫНДАҒЫ ӘКТАСТЫ ӨНДІРУ ЖОСПАРЫ»**

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы – «Казхимтехснаб» ЖШС ықтимал әсерлер туралы есепті дайындады, оның сапасы осы қоғамдық тыңдаулар шеңберінде бағалануға жатады.

Көзделіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсер ету ауқымын бағалау мақсатында, бұрынырақ «Казхимтехснаб» ЖШС Абай облысының Экология департаментіне көзделіп отырған қызмет туралы өтініш берген болатын. Өтінішке Департамент берген қамту аясын айқындау туралы қорытынды алынды.

Қаралып отырған есеп шеңберінде қорытындыда көрсетілген құзырлы органдардың барлық ескертулері мен ұсыныстары толық көлемде ескерілді.

Әкімшілік жағынан «Известковое-Левобережное» кен орны Абай облысы Бесқарағай ауданының Долон ауылдық округінде орналасқан.

Ең жақын тұрғын аймақ (Бесқарағай ауданының Черемушка ауылы) бөлу шекарасынан солтүстік-шығыс бағытта (шығыс бағыттың басымдығымен) 13,5 км қашықтықта орналасқан. Жобалау учаскесінен солтүстік-шығыс бағытта 560 м қашықтықта «Берег» демалыс базасы (ең жақын селитебті аймақ) орналасқан.

Жобалау учаскесінен шығыс бағытта 17 км-ден астам қашықтықта Бөдене ауылы орналасқан.

Құм-қиыршықтар қоспасы кен орнын игеру тау-кен геологиялық жағдайларға сәйкес бұрғылау-жару жұмыстарын қолдана отырып, ашық әдіспен қарастырылады. Өндіру жұмыстары маусымдық түрде: жылдың жылы мезгілінде жүзеге асырылады. Ауысым ұзақтығы 8 сағат, жылына барлығы 120 жұмыс күні. Тау-кен жұмыстарының жоспарымен өндіру жұмыстарын 10 жыл бойы (2026-2035 жж.) жүргізу жоспарлануда, келешекте мерзімді ұзарту мүмкін. «Известковое-Левобережное» карьерін игеру 2026 жылдың басына жоспарланған.

Далалық жұмыстарға тартылатын жұмысшылардың максималды саны – 10 адам.

Өндірілетін әктастардың максималды жылдық көлемі 4,1 - 60,98 мың м3 (10-150 мың тонна) шегін құрайды.

Бұдан әрі қоршаған ортаның жекелеген компоненттеріне әсер етуді егжей-тегжейлі қарастырамыз.

**Ауа ортасына әсер ету, атмосфералық ауаға эмиссиялар**

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының шекті көлемі жылына 22,271 тоннаны құрайды және бұл көрсеткішке 2026 жылы қол жеткізіледі.

2027-2035 жылдарға арналған атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының шекті көлемі жылына 21,572 тоннаны құрайды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығымен бекітілген «Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғау аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 1-қосымшасының 12-тармағының 3-бөлімінің 6, 12-тармақшаларына сәйкес, VI-VII санаттағы

тау жыныстарын өндіру өндірістері, жарылғыш заттарды пайдалана отырып ашық игеру арқылы өндіру өндірістері (карьерлер) үшін СҚА (Санитариялық-қорғау аймағы) өлшемі 500 м-ді құрайды (қауіптіліктің II класы).

Ластаушы заттардың таралуына жүргізілген есептеу негізінде, ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген шоғырлануы ең жақын тұрғын аймақ шекарасында, сондай-ақ (өлшемі 500 м) СҚА шекарасында асып кетпейтіні анықталды.

Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау ретінде тоқсан сайын есептеу әдісімен өндірістік экологиялық бақылау жүргізілетін болады.

Атмосфералық ауаға әсерді азайту мақсатында келесі іс-шаралар қарастырылған:

- көлік және басқа да жұмыс түрлерін жүргізу кезінде шаң шығаратын беттерде, автожолдарда шаң басуды жүзеге асыру;
- жұмыстарды жүргізудің заманауи техникалары мен технологияларын қолдану;
- жабдықтарға тұрақты техникалық байқау жүргізу, ақаулы материалдар мен жабдықтарды ауыстыру.
- Қаралып отырған объектінің атмосфералық ауаға әсерін бағалау рұқсат етілген деп сипатталады.

**Су ортасына әсер ету**

Ең жақын су объектісі – Ертіс өзені Тау-кен бөлу шекарасынан солтүстік бағытта шамамен 375 м қашықтықта ағып өтеді. Өндіру жұмыстары су объектісінің су қорғау аймағында, су қорғау белдеуінен тыс жерде жүргізіледі.

Объект операторы су объектісінің су қорғау белдеуі шегінде кез келген шаруашылық қызметті болдырмауға міндеттенеді.

Жұмыстарды жүргізу барысында су шаруашылық-тұрмыстық және техникалық қажеттіліктерге қажет болады.

Жұмыс жүргізу учаскесін шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау мамандандырылған ұйыммен шарт негізінде тасымалданатын сумен қарастырылады. Ауыз су сапасындағы суды тұтыну жылына 37,5 м<sup>3</sup> құрайды.

Шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды бұру су өткізбейтін шұңқыры (септигі) бар дәретханаға жүзеге асырылады. Шұңқырдағы ағынды сулар қажеттілігіне қарай шарт негізінде мамандандырылған ұйымдарға беріледі.

Жұмыс жүргізу учаскесін техникалық сумен жабдықтау тазартылған жерүсті нөсер және еріген қар сулары есебінен қарастырылады, олар су жинау траншеялары арқылы карьер түбіне жиналып, әрі қарай сорғы қондырғысы мен құбырлар жүйесі арқылы тұндырғыш тоғанға түседі. Ағынды суларды ірі қатты бөлшектерден (тастар, топырақ) тазартады, бұл суды техникалық мақсатта пайдалануға мүмкіндік береді. Кен орны суланбаған. Карьерге судың келуі тек атмосфералық жауын-шашын есебінен мүмкін.

Техникалық сападағы суды шекті тұтыну – жылына 1500 м<sup>3</sup>.

Техникалық сападағы тазартылған судың қалдығы – 444 м<sup>3</sup>/жыл технологиялық және кірме жолдарды суаруға пайдаланылады, сондай-ақ табиғи булануға ұшырайды.

Жұмыстарды жүргізу процесінде жерүсті және жерасты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне ағынды суларды төгу жүзеге асырылмайды.

Өндіру жұмыстары кезеңінде келесі су қорғау іс-шаралары қарастырылған:

- Зиянды заттардың жерасты суларына ықтимал түсуін болдырмау мақсатында техникаға техникалық қызмет көрсету қарастырылып отырған учаскеден тыс ТҚК станцияларында жүргізіледі.
- Механизмдер агрегаттарынан жанар-жағармай материалдарының жоғалуына жол бермейтін май ұстағыш табалар және басқа да құрылғылар пайдаланылады.
- Қалдықтарды уақтылы жинау жүзеге асырылады, қалдықтардың жиналуына қарай олар қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға шығарылуға жатады.
- Жерүсті және жерасты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне ағынды немесе басқа суларды кез келген төгуге жол берілмейді.



- Жұмыс жүргізу учаскелерінде тұрмыстық қалдықтар, аршыма жыныстары және басқа да қалдықтар үйінділері бойынша тыйым салу шаралары қабылданады.
- Жұмыс учаскелерінде автокөлікті және басқа механизмдерді жууды болдырмау бойынша шаралар қабылданады.

Қаралып отырған объектінің су ортасына әсерін бағалау рұқсат етілген деп сипатталады.

### **Қалдықтардың түрлері, сипаттамалары және мөлшері туралы ақпарат**

Кен орнын игеру өндіріс және тұтыну қалдықтарының пайда болуымен қатар жүреді.

Тұтыну қалдықтарына жататындар:

- Аралас коммуналдық қалдықтар.

Өндіріс қалдықтарына жататындар:

- Абсорбенттер, сүзгіш материалдар (басқаша айқындалмаған май сүзгілерін қоса алғанда), сүртуге арналған маталар, қауіпті материалдармен ластанған қорғаныш киім (нақты айтқанда – сүрту матасы);
- Аршыма жыныстары;
- Қағаз және картон қаптама (ЖЗ-дан қалған қағаз қапшықтар);
- Ағынды суларды тұндыру шламдары.

Қалдықтардың жинақталуының жалпы көлемі (2026-2035 жж.) жылына 875,7615 тоннаны құрайды, оның ішінде қауіптісі – 0,075 т/жыл, қауіпсізі – 875,6865 т/жыл.

Көмілетін қалдықтар көлемі 2026-2035 жылдарға жылына 21977 тоннаны құрайды, оның ішінде қауіптісі – 0 т/жыл, қауіпсізі – 21977 т/жыл.

Аршыма жыныстарын сақтау үйіндіде қарастырылады. Сақталған аршыма жыныстары карьерді рекультивациялау кезінде толық көлемде пайдаланылатын болады.

Қалдықтардың басқа түрлері жабық металл контейнерлерде тиісті түрде сақталып, шарт негізінде мамандандырылған ұйымдарға уақтылы беріліп отырады.

### **Физикалық әсер ету**

Көзделіп отырған қызмет объектілерінің аумағында шу әсерінің тек бірінші түрі – механикалық әсері болуы мүмкін. Өндіру жұмыстарын жүргізу барысында шу көздері мыналар болады:

- жарылыс жұмыстары;
- автокөлік техникасы.

Жарылыс жұмыстары әсер етудің қысқа мерзімділігімен сипатталады: жарылыс әсері санаулы секундтарда білінеді, содан кейін әсер ету салдары тез жойылады. Ұзақ әсер етуді талап ететін процестерге қарағанда, жарылыс жұмыстары бір реттік сипатқа ие және тау жыныстарын сындыру сияқты нақты мақсатқа қол жеткізуге бағытталған.

Тау-кен жұмыстары жоспарында жүргізілген есептеулерге сәйкес:

- адамдар үшін қауіпті аймақ шекарасы (кесек бөлшектерінің ұшуы бойынша) – 400 метр;
- сейсмикалық қауіпсіз қашықтық (тұрғын үйлер үшін) – 300 метр;
- ауа екпіні толқынының әрекеті бойынша қауіпсіз қашықтық – 281 метр.

Шу эффектісі тікелей жұмыс жүргізу алаңында байқалатын болады. Көзделіп отырған қызмет учаскесіне материалдарды және т.б. таситын автокөліктің қозғалысы кезінде шудың біршама артуы мүмкін. Мұндай әсер ету жергілікті және уақытша болып табылады.

Дыбыс қысымына жүргізілген есептеуге сәйкес, есептік санитариялық-қорғау аймағының (500 м) шекарасында шудың максималды деңгейі 13 дБА құрайды, тұрғын аймақ үшін 8 дБА құрайды.

Сондай-ақ, шу әсерінің деңгейлеріне жүргізілген есептеу СҚА шекарасында және тұрғын аймақпен шекарада шу деңгейі санитариялық нормалармен рұқсат етілген дыбыс деңгейінен аспайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

### **Жер қойнауына және топыраққа әсер ету**

Топырақ жамылғысының жай-күйін бақылау ретінде, өндіру жұмыстарын жүргізу кезеңінде топырақ жамылғысының ластануын қадағалау үшін жылына бір рет аспаптық өлшеулермен топырақ мониторингі жүргізілетін болады.

Қоршаған ортаға әсерді азайту мақсатында келесі іс-шаралар қарастырылған:

- қалдықтарды уақытша жинақтау арнайы бөлінген орындар мен контейнерлерде қарастырылады. Бұл шешімдер рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінің пайда болуын болдырмайды;
- жұмыс жүргізу учаскесіндегі топырақтың құнарлы қабаты алдын ала сыпырып алынады және ішінара жұмыс жүргізу учаскесін рекультивациялау үшін пайдаланылады;
- жұмыстарды жүргізу кезінде химиялық реагенттер пайдаланылмайды, барлық механизмдер май ұстағыш табалармен қамтамасыз етіледі. Жұмыстар жүргізілгеннен кейін учаскелерден барлық механизмдер, жабдықтар және өндіріс қалдықтары шығарылады.

Қаралып отырған объектінің жер қойнауы мен топыраққа әсерін бағалау рұқсат етілген деп сипатталады.

### **Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсер ету**

Көзделіп отырған қызмет учаскесі мемлекеттік орман қоры мен ЕҚТА (Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар) шегінен тыс жерде орналасқан. Жобалық аумақта Қызыл кітапқа енген жануарлар мен олардың миграция жолдары жоқ.

Жобалық құжаттама шеңберінде жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау мақсатында бірқатар іс-шаралар қарастырылған.

Жұмыстардың кез келген түрін жүргізу кезінде табиғатты қорғау заңнамасын бұзушылықтарға жол бермеу жөніндегі іс-шаралар міндетті түрде орындалатын болады. Қаралып отырған объектінің өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсерін бағалау рұқсат етілген деп сипатталады.

### **Адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына, олардың тұру және қызмет ету жағдайларына әсер ету**

Халықтың денсаулығына нормадан тыс әсер етілмейді, өйткені жүргізілген есептеулер негізінде атмосферада ластаушы заттардың шекті шоғырлануының асып кетуі, сондай-ақ санитариялық-қорғау аймағының шекарасында, сонымен қатар ең жақын тұрғын аймақта шудың рұқсат етілген деңгейі нормативтерінің асып кетуі анықталған жоқ.

Объектінің қызметінен туындайтын әлеуметтік-экономикалық салдарлар болжамы қолайлы. Көзделіп отырған қызметті іске асыру жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария, өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін сақтай отырып жұмыстарды жүргізу жоспарланған жұмыстардың қауіпсіз өтуін қамтамасыз етеді және әлеуметтік-тұрмыстық салаға қосымша, қажетсіз жүктеме тудырмайды.

Орындалған есептеулер, олардың талдауы негізінде, сондай-ақ қабылданған технологиялық шешімдерді ескере отырып, көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде туындауы мүмкін барлық ықтимал факторлардың қоршаған ортаға теріс әсері көзделіп отырған қызмет объектілерін орналастыру учаскесінің аумағымен шектеледі және одан тысқары шықпайды.

### **Қорытындылар**

Жұмыстарды жүргізу кезеңінде тиісті нормалар мен ережелер сақталған, қарастырылатын технологиялық шешімдер орындалған және табиғи ресурстар ұтымды пайдаланылған жағдайда, көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру қолданыстағы экологиялық жай-күйді бұзбайды, қоршаған ортада айтарлықтай өзгерістер тудырмайды, халықтың денсаулығына теріс әсерін тигізбейді. Қоршаған ортаға елеулі және қайтымсыз зиян келтірілмейді.